

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 888 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Ұзақбайұлы Маминге 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 888 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы ХАТТАМА

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер атынан Беларусь Республикасының Үкіметі және Беларусь Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі, Ресей

Федерациясының Үкіметі және Ресей Федерациясының Орталық банкі, Армения Республикасының Үкіметі және Армения Республикасының Орталық банкі
2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабының төртінші абзацын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттама арқылы Армения Республикасы 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісімге қосылады.

2-бап

Осы Хаттама депозитарий дипломатиялық арналар арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап, бірақ 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісім күшіне енген күннен ерте

е м е с к ү ш і н е е н е д і .
20__ жылғы " __ " _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа
д а н а д а ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін Беларусь Республикасының Ұлттық банкі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін Ресей Федерациясының Орталық банкі үшін

Армения Республикасының Үкіметі үшін Армения Республикасының Орталық банкі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК